

Рүстенбекова Г.

Оралхан Бөкейдің «Өз отыңды өшірме» романының тақырыптық-көркемдік қырлары

Мақалада қазақ көркем сөз өнеріне жазу даралығымен мол стильдік-жаңашылдық бағыттар қосқан белгілі қаламгер Оралхан Бөкейдің «Өз отыңды өшірме» романындағы ұлттық сипаттар, кейіпкердің жан әлемін ашудағы ішкі монолог қолданыстарын көркемдік тәсіл есебінде оңтайлы қолдануы туралы нақтылы саралаулар арқылы ой-пайымдаулар жасалған. Автор «Өз отыңды өшірме» романындағы жазушы Оралхан Бөкейдің ел басынан өткен қилы тарихты, соның ішінде XX ғасырдың алғашқы ширегінің соңындағы ел өмірін, ұлттық мұраттар жолында бел шешіп, күреске түсудің қилы, қиын жолдары болғанын, қазақ даласына Түркісіб темір жолының салынып, жергілікті халық көзімен «қара айғыр» атанған паравоз-пойыздың келуін, осындағы әрқилы қабылдаулар мен жеке тағдырлар бастан өткерген қиыншылық, қуаныштарды жеткізуде қолданған көркемдеу амалдарының бірі – ішкі монолог түрлерін нақтылы талдауға тартқан. Мақалада жазушы Оралхан Бөкей прозасын зерттеп, бағалауда көңіл аз бөлініп келе жатқан шығармадағы әлеуметтік арқау, заманға, қоғамға қаратып қозғалған сыни, өзекті мәселелер туралы толымды пікірлерге қарай бастайтын қисынды ойлар айтылған.

Түйін сөздер: ішкі монолог, психологиялық драматизм, ұлттық мінез, ұлттық ерекшелік.

Rustenbekova G.

Thematic aspects and artistic features of the novel Oralkhan Bokey «Trains Go By»

This article deals with national features in the novel «Trains Go By», authored by the famous writer Oralkhan Bokey, who left many innovative stylistic trends in the Kazakh literature, which are distinguished by their individuality of writing. Also, the skilful use practices of interior monologue are considered as a way for expanding the artistic spiritual peace of a hero through the specific analyzes. The author analyzes types of the interior monologue in detail, which is one of the artistic methods used for transmitting difficult times in the history of the people, especially the lives of the people at the end of the first quarter of the twentieth century, the struggle for national ideals, the first construction of the railway «Turksib» in the Kazakh steppe, arrival of the train, which was named by the local population as «kara aygyr», different perceptions and difficulties experienced by the individual fates in the novel «Trains Go By» by Oralkhan Bokey. Oralkhan Bokey's prose is studied and social issues, critical and urgent problems of the era and society in the work that lead to well-founded ideas are considered in this article.

Key words: interior monologue, psychological drama, national character, national peculiarity.

Рүстенбекова Г.

Тематические аспекты и художественные особенности романа Оралхана Бокея «Поезда идут мимо»

В статье рассматриваются национальные черты в романе «Өз отыңды өшірме», автором которого является известный писатель Оралхан Бокей, кто оставил много новаторских стилистических направлений в казахской художественной литературе, которые отличаются своей индивидуальностью написания. А также, рассматриваются навыки искусного использования внутреннего монолога в качестве художественного способа для раскрытия душевного мира героя с помощью конкретных анализов. Автор детально анализирует виды внутреннего монолога, который является одним из художественных способов, использованный для передачи трудных времен в истории народа, особенно передаются жизнь народа в конце первой четверти XX века, борьба за национальные идеалы, самая первая прокладка железной дороги «Турксиб» в казахской степи, прибытие паравоз-поезда, который был назван местным населением как «кара айғыр», разные восприятия и трудности, пережитые отдельными судьбами в романе «Поезда идут мимо» писателя Оралхана Бокея. В статье исследуется проза писателя Оралхана Бокея, рассматриваются социальные вопросы, критические и актуальные проблемы эпохи и общества в произведении, которые ведут к основательным идеям.

Ключевые слова: внутренний монолог, психологический драматизм, национальный характер, национальная особенность.

**ОРАЛХАН БӨКЕЙДІҢ
«ӨЗ ОТЫҢДЫ ӨШІРМЕ»
РОМАНЫНЫҢ ТАҚЫ-
РЫПТЫҚ-КӨРКЕМДІК
ҚЫРЛАРЫ**

Оралхан Бөкейдің құштарлықпен құлшына жазған шығармаларындағы оңтайлы, ұдайы іші бұрып отырып қозғаған көркемдік өзегінің елеулі ағысы туған халқының біртоға ұлттық қасиеті, ұлттық болмысы болатын.

«Ел іші әлі де берекесінен айырылмаған алтын бесік күйінде екен: ер азамат, алыстан ат терлетіп келер жолаушы, құдайы қонақ атаулыны қойын сойып, қолын құсырып құрмет тұтар дәстүрі үзілмепті; Дарханды әке-шешеден тірідей айырылған, ағайынсыз адасқан қаз санамай, барын аузына тосты, базарлы күндеріне қызғаныш жасаған жоқ. Жүдеп-жадаған, өзгеден теперіш көріп, басына тағдырдың құрығы тиген өзекті жанның сауға тілеп, пана тұтып, елге қашары, басқа-басқа қазақтың ұлттық ерекшелігі сықылданатын» [1, 21].

Жазушы осы құбылысты «Атау кере» романында Тағанның тау ішінде өзін-өзі қайта табуы тұрғысында да көркемдік ұстанымдарының бірі есебінде қолданады. Бұл желі, негізінен, оның шығармашылық бағытын түзген өзіндік жазу ерекшелігіндегі мығым арқаулардың бірі болып орнықты. Жазушы «Өз отынды өшірмеде» Гүлия мен Дархан өзгеше күйде жолығысқан сәтті еркіндік аңсарлы ұлтының «атастырып, матастырып» қойғанға қарамай жақсының жақсыны жолықтыру мүмкіндігін жасап қойған «Алтыбақан» атты дәстүрлі сауық кешімен байланыстырған.

Оралхан Бөкей қазақ әдебиетінде бірнеше елеулі туындыға арқау болған қазан төңкерісі, кәмпеске, аумалы-төкпелі уақыттағы ұлттық пайым, ұлттық мінез ерекшеліктеріне өзіндік жаңа суреттеулер, мінездеулер, әлеуметтік ой желілерін қосты.

Қазақ әдебиетіндегі малды, дәулетті адамның Қарынбай-Қарабайдан гөрі күрделі болмысы сұлбаланған дәстүрлі желінің жалғасын Игілік, Шәкен типті бейнелердің дара сипатты өлімінің бірі – «Өз отынды өшірме» романындағы Омар бай деуімізге болады.

Дүние дүбіліп жатса да қыңқ демей, шаруасын мығымдап жүрген Омар байдың баласы Еркін қаладан суыт келіп, кәмпескенің хабарын айтқандағы қалпын жазушы ұлттық бітім-болмыстың көп қатпарлы, астарлы, нені болса да шапшаң таразылап, сабырға жеңдіре білетін мінез ерекшелігі ауқы-

мында сипаттап, қазақы болмысқа сыйымды, иланымды көркемдік ауан тудырады.

«– Бұл дүниеде бүп-бүтін болып тұрған не бар дейсің? Бакыт деген құстың, егер бар болса, бір қанаты сынық па деймін. Күні кеше ғана «Омеке, Омеке» деп тізгініме оралып, тауығым болып шырк айналып жүрген талайлар әлден сырт бере бастады. Ертең-ақ етегімнен тартып, ерінін шығармасына кім кепіл. Апыр-ай, – деді бай бұдан соң көкірегіндегі көкжалқақ запыранынан арыла алмай, аса қиналған қажыспен аһ ұрып.

– Апыр-ай, айналдырған алты-жеті жылда ғасырлар бойы қаймағы бұзылмай тұрған қайран ел астаң-кестең боларын кім ойлаған, кім болжаған?» [1, 60].

Оралхан Бөкей Омардың ұлы оқыған Еркіннің ұлтжанды болмысын кейіпкердің ширыққан сәттегі ішкі ой ағыны арқылы таныта түседі. Шығармада тыныш жатқан елдің дүбіліп, ел асып, бел асып әлемді кезіп кету тағдырының алғы-шарттарын айқындай түсетін нақтылы оқиғалар, ой-толғаныстар берілген.

Еркіннің әкесінен әңгімеден кейінгі түнгі ойларына куә оқырман еріксіз отарлық езгі, Дулат жыраудың: «Ертеңінді ойласам, ұйқы беріп, қайғы алам!» – деп аһ ұрған Ақжайлау мен Сандықтасын еріксіз ойға алады.

«Бұған шейінгі орысқа да, қазаққа да дес бермей келген жүрегі ауырлап соғып, дертті күймен шаншығандай болды. Түнгі салқын ауа тоназытқан денесін арқасына жамылған ішікпен қымтай түсіп, Ақжайлаудың ертеқсынды әдемі түнімен қоштасқандай көзіне жас ала күрсінді. Ол қазақтың ат үсті өмірі, малын шұбыра айдап, көшіп-қонып жүретін бейқам тірлігі мен айрандай аптап, күбідей піскен ескілік дәстүрін жүрегі елжіреп, шыншыл көңілмен жақсы көруші еді, мейлі алыста жүрсін, жақында жүрсін сартап сағыныш, сағымды үмітпен ауық-ауық есіне алатын» [1, 62-63].

Оралхан Бөкей Еркін бейнесімен ХХ ғасырдың басындағы қазақ оқығандарының ұлтжанды мұратын жеткізуді көксейтін сияқты. Олардың ел тағдыры, туған жерге перзенттік парыз тұрғысындағы ұстанымдарының қайсыбір ұшқындары Еркіннің бойында бар. Жазушы Еркін бейнесінде ХХ ғасыр басындағы аумалы-төкпелі уақытта таңдау мүмкіндігі шектелген ұлт өкілдерінің әрі-сәрі, тығырыққа тірелген бұралаң тағдырын баяндауды мұрат тұтады.

«...Алғаш рет жаңа заманның жобасы жасала бастаған кезде қазақтың оқыған жігіттерімен бірге, Еркін де қатты елеңдеп, үлкен бір өзгеріс күткендей еді.

Революция бұратана аталып келген халықтар үшін не әкелді? Россияда жасалған ұлы төңкерістің әлі де болса мешеулеу келе жатқан, капитализм сатысынан өтпеген аз ұлттарға қаншалықты керегі бар тақылетті дау-дамайға бел шешіп араласқандардың бірі-тін. Әлі есінде, Семейдегі өткен беделді бір мәжілісте жылдар бойына жегідей жеп келген жан күйзелісін түнде ұйқы, күндіз күлкі бермей мазалаған ойын ортаға салып, ағыл-тегіл ақтарылып еді-ау. Онда көтерілген мәселе қазақ елін советтендіру мен қазақ даласында жүргізілетін аграрлық реформа жайы болатын.

«Қазақтар үшін ешбір реформаның қажеті жоқ, – деп пікірін тура айтқан. – Өйткені бұл даланың ғасырлар бойына қалыптасқан моральдық, тұрмыстық, салттық, этникалық, психологиялық сипаттарды бірден күйретіп, талқандап тастаумен пара-пар шаралар бұл. Мұндай төтенше реформаларға қазақ елі тарихи және рухани жағынан әлі дайын емес, яғни әлеуметтік қайшылықтары мен таптық сана-сезімдері пісіп-жетілген жоқ».

Осымен бар әңгіме тәмамдалғандай еді. Бірақ Кежиннің беделі күн өткен сайын әлсіреп, айтқан пікірі күйреді...» [1,107].

Түркісібтің салынуын халықтың әу баста тіксіне, жатсына қарап, қабылдай қоймағанын кейіпкер танымы арқылы жеткізуінде де авторлық позиция бой тасалап, көрінбей тұрады.

– Шойын жолдың бітетін түрі бар ма? Әлде осы беттеріңмен Түркияға дейін соза бересіңдер ме?

– Енді бір айда бітіреміз, әке. Созыла бермейді. Оңтүстіктен қарама-қарсы салынып келе жатқан жол бар, соған барып түйіседі.

– Жөн, жөн... Ащы ішектей шуатып-ақ тастаған екенсіңдер. Түбі қайырлы болсын. Мойындарыңа жылан болып оралмаса...

– Әке! – деді шатынап. – Арғы беттен мені мұқату үшін келмеген шығарсыз?

– Тегін айтамын да... Өкіріп-бақырып келе жатқан қара айғыр басып кетіп жүрмесін, байқандар дегенім ғой...» [1, 274].

Жазушының астарлап, жұмбақтап отыратын, тұспалдап жеткізетін жазу тәсілі «Өз отынды өшірме» романында да ұштала түскен, елеулі көркемдік жүк көтерген.

Құландыға Семейден өкімет өкілі келгенде өткен жиын тұсында ауылдың көпті көрген қариясы қоятын сұрақта қыршаңқы астар бар.

«– Шырағым, қазаққа бергісіз бала екенсің, – деді жалбағай тымақты бір шал асықпай басып, өкілдерге жақындап. – Айтқандарың-

ның бәрі көңілге қонады. Қазаққа енді жетпегені отарба еді, оны да көретін күн туар. Сонда деймін-ау... Сол түйеше боздаған темір арбаға мініп қайда барамыз? Анау қырдың астындағы айында бір қатынар ағайынға шолақ торым да шыдас берер. Қалада ас беріп, асар жасап жатса да шаруам шамалы.

– Әй шал, – деп қалды мұндайда аузы қышып, тұра алмайтын Оспан. – Халық жаурап кетті, қысқартып айт.

– Құйысқанға қыстырылма. Астындағы бозжорғаның буы шығар ширыққаның. Сен білгенді мен де білем.

Расында да осы отарбаға мініп қайда барады жұрт, өз басым үйде отырғым келеді, өз отымның басында өлгім келеді.

– Сіз бармасаңыз, сіздің балаларыңыз, ұрпақтарыңыз барады, – деп еді былғарлы жігіт:

– Олар қайда барады, отбасын тастап қайда барады деймін-ау?! – деп шалың шатақ шығара бастады.

– Отарбаға мініп, сендер бармасаң, сол отарбаға мініп басқалар келер. – Уездік партия комитетінің хатшысы алғаш рет сөзге араласты.

– Ендеше мен ұқтым, шырағым. Ар жағын айтпай-ақ қойыңдар. Біз бармасақ та басқалар келеді екен отарбаға мініп» [1, 193-194].

Роман ел басынан өткен қилы кезеңдердің адам тағдырларындағы әралуан оқиғалар, өмірлік драматизм ауқымында суреттеу бағытымен назар аударады. Төңкерістен кейінгі асығыс, жедел өте бастаған өзгерістердің ауыр салмағы, жеке адамның өмір соқпағындағы бұралаң-бұлтарыс тағдыры орталық тұлға – теміржолшы Дархан, барынан бір-ақ күнде айырылған Омарбайдың күңіренісі, жалғыз аттан басқа дүние кумаса да дәуір дүрбелеңінде қақпақылға айналған Таңатар батыр тағдыры, айдай сұлу, аяулы Дүрия мен Гүлияның жаңа заманмен ілесе келген бақытсыздық тағдыр-тауқыметі, өткел бермес өмірдің өкпек желіне кеудесін тосып ғұмыр кешердей жылқышы Бати, қай заманда да ықтасын іздеп, қолынан келсе басқаны да ығыстырып, лаң салып жүретін, іш есебі бөлек Оспан, тағы да басқа ауыл-аймақ, ел адамдарының арақатынас, арыздасу сәттері арқылы ашыла түсіп отыратын, оқушыны ойға жетелейтін замана құбылысы романда белгілі бір көркемдік тәсілдер ауқымында шынайылықпен баяндалған.

Оралхан Бөкейдің бұл туындысында да адам тұлғасын әрқилы жағдай, әр қалыпта қилы жазу тәсілдерімен сомдау машығын қолданған.

Шығарма құрылымы өткен мен бүгінгіні алмастырып отырып, баяндау ерекшелігімен

оқырманды өзіне елтіп әкетеді. Оқиғаны бірізділігінен сабақтастыра, жалғастыра баяндаудан гөрі жазушы қолданған форма уақыт ағынында адам бастан кешкен өмір өткелдерінің драматизмін ширықтыра, өткір ашуға септігін тигізген.

Бірде ілгері озып, бірде бүгінгінің кейінде қалған зардапты алғышарттарын баяндап отыру формасы шығармада кейіпкер жан дүниесінен сыр тарқатып отыратын ішкі монолог үлгілеріне кең өріс ашқан.

Авторлық баяндау мен кейіпкердің жан әлеміндегі бұлқыныс, сезім тасқынын астастыруда өзіндік үлгі салған Оралхан Бөкейдің «Өз отыңды өшірме» романында да бұл тәсіл өнімді эпикалық көркемдік әдіс есебінде орныққан.

«Түн ортасы ауғанша көз шырымын ала алмады. Осындайда кісінің есіне қай-қайдағы түсіп, анталаған ауыр ой кірпік ілдірмейтіні бар-ау. Әрі аунап, бері аунап екі жамбасы талғандай болған соң бірер рет тысқа шығып келген. Ал дала болса, ол да баяғы сол мінезімен жым-жырт сазара сұлап жатыр.

Қысында боран, жазында сағым жортқан сайын үлкенді өзіне тән ерекшелігі – тым кең-мол пішілгендігі; тым-тым аңқау да адалдығы; қанша ғасырлық ұйқыдан дүр сілкініп оянды деп айдарымыздан жел ескенімен, әйтеуір бір есінетіп, мәңгірткен мең-зең халден құлан-таза арыла алмауында ма?..» [1, 11].

Авторлық идеяның жазушы еркінен тыс жүзеге асуындағы еркіндігі тұрғысында әдебиет теоретигі Бақытжан Майтанов былай дейді: «Мұндай процесте композициялық элементтер қарым-қатынасының рөлі зор. Өйткені әдеби туынды жазылып біткенде ғана творчестволық еңбек стихиясы айқын көрініс ала бастайтыны мәлім. Стильдік комплекстер айырмашылығы қаламгерлерді идеялық бірлікке қарамастан, бір-бірін қайталамастай етіп танытады. Суреткердің жеке қолтаңбасы да белгілі бір дәрежеде мәтін бөлшектерінің орналасымы және құрылымдық ерекшеліктеріне сай ортақ қызметімен анықталады. Әр компонентке жүктелетін міндет бар. Егер бұл теңдестік заңы сақталмаған жағдайда бой көтеретін жаңаның бәрі жаңашылдық болып табылмасы аян» [2, 4].

Оралхан Бөкейдің жазу стиліндегі өзіндік оқшау ұстанымдар жиынтығы қаламгердің модернистік бағытта жазу ерекшелігі туралы ой-пайымдауларға бастайды. Зерттеушілердің айқындауы бойынша ішкі монолог – модернистердің жазу ерекшелігін айқындайтын ең басты, елеулі белгі.

Осы бір көркемдік оңтайлы әдістің өзіндік артықшылықтары туралы әлемдік әдебиеттанудың озық бағыттарын мейлінше сіңірген Бақытжан Майтанов мәселенің түпкілікті мәнін ашып жеткізетіндей нақтылы пайымдау жасайды.

«Модернистерде төңіректегі құбылыстар жайлы кейіпкердің буырқанған ой ағымдары негізгі баяндаушылық міндет атқаруына байланысты заңды сауал туады. Бұл тәсіл өзін-өзі ақтай ала ма? Адамның ойлау предметтерінің белгілі шекарасы бар немесе ол бір нәрсенің маңайында шиырлап, қайта-қайта айналып жүре береді де әлгі зат туралы пәлендей басқаша пікір тудыра алмайтыны да рас қой...»

Шығарма авторы мен қаһарман, тәуелсіздік хақындағы жеке ұғымдарына қарамастан, қоғамның идеологиялық аяларына араласпай тұра алмайды және көркем образ әлеуметтік-типтік шарттылықтарсыз идеялық-эстетикалық тұтастығын паш етуге тиіс емес» [2, 5].

Оралхан Бөкейдің кейіпкерлері іштей толқулар, бұлқыныстар, іштен тынған күйзелістер үстінде басымдау көрініп отырады. Оның прозасындағы орталық тұлғалар, жанама кейіпкерлер – барлығы дерлік ұдайы дүние-болмыс туралы, өмір ағыстары туралы ой үстінде болады.

Оралхан Бөкей прозасында ішкі монолог қилы сюжеттік желілердің психологиялық арқауын ашып отырады.

«Өз отынды өшірме» романында да, «Қайдасың, қасқа құлынымда» да, «Атау кере», «Сайтан көпір», «Мұзтау», т.б. әңгіме-повестерінде кейіпкер жан дүниесі негізінен ішкі монолог арқылы айқындалады. Ішкі монологта кейіпкерлер басқаларға мінездеме береді. Заманалық құбылыстарды ұғынып, саралауға ұмтылады.

Замана бұзған бұйығы өмірдің ендігі дедек қақтырып, тыным таптырмас асығыс мінезі әкесі Қытай асып кеткен, анасы бақилық болған, жанашыр жақынынан жүрдай Дарханды да өз дегенімен жүргізді. Семей кетіп, арналы Ертіске көпір салуға қатысты. Қазаққа таңсықтау кәсібімен жан бағып жүргенде жаулық әрекеттен бұзылған көпірде жарақат алып, науқастанып, ауылына келген. Айналаның барлығы басқа бағытқа түсіп бара жатқанын бәз-баяғы қалпында қалғандарын да Дархан ұдайы ой көзімен барлайды.

«Содан бері аттай зулап бес жыл өткен, бірақ ол бұл елге қайтып ат ізін салмаған; қысастықпен емес, тіпті, шаш-етек шаруадан қолы тимеген-ді. Енді міне, үйірінен адасқан жылқыдай қайтып оралды. Оралса: ауған жұрттан басқа бө-

тен жаңалық таба алмады, тіпті, олардың лаңы саябырсып, мүлдем ұмытылғандай...

Тәңірім-ау, бәрі де баяғыдай: байы – бай, кедейі – кедей, жар сала келген жаңа заман қаладан далаға жете алмай жол ортада шаршап қалған секілді. Семейде көрген көп-көп белгі-нышандардың бірде-біреуі жоқ, бәз-баяғы қалпы. Дархан жағасын ұстап таң қалды – таңдайын қағып та қалды. Мынау сайын далаға революция дүмпуі жеткеніне он жылдан асты: ақ отауының ішінде шырт түкіріп, дөнен иттей кергіп Омар бай отыр; қырық жылдан бері қыдырудан қолы тимей келе жатқан атарманшабарман Оспан жүр өтірікті судай сапырып: анау Омар байдың туған інісі де әне, төрт түлігін алдына салып айдап, қыр асып барады» [1, 23].

Оралхан Бөкейдің прозасында бірінші жақтан айтылатын кейіпкердің тура төл сөзі кездеспейді деуге болады. Жеке адамның жан әлеміндегі тебіреніс-өзгерістер көбінде ортақ төл сөз түрінде беріліп отырады. Шығармадағы сөйлем құрылымдарының ерекшеліктері ойды айтушы кім екендігінен хабардар етуді камдайды. Қос үнді сөз автордың қаһарман жандүниесіндегі екіұдайлық тартысты жеткізуге септігін тигізіп отырады.

Оралхан Бөкей шығармаларында кейіпкер болмысындағы рухани күрделі сәттер оқшау алынбайды, автор тарапынан белсенді бағаланып та отырады. Авторлық ұстаным кейіпкердің ой деңгейінен озып кетпегенімен, белгілі бір мәнде қылаң беріп отырады.

«Аллам-ау. Мейлі қайда, қай елде жүрсем де сонау әкем тіккен, ата-бабадан қалған киіз үйдің отын сөндірмеспін, шаңырағын отқа күйдірмеспін, – деді ол әлденеге айыл тартып тас-түйін бекінгендей. Бұл күбірі өз-өзіне берген сертіндей – боз қасқаның қанымен анттасқаннан сыңар сүйем кем шыққан жоқ.

– Уа, балалығымның базары болған Ақжайлау, күн жауғанда қойнымда, күн шыққанда мойнымда болар бойтұмарым-ау, қайда жүрсем де жебеп, қолдай гөр. Ерсілеу екенін сезсе де көңілі толқып, осы сөздерді айтып қалғаны рас еді» [1, 63].

Монологты ой арпалысы, жан толқыны тудырады. Көркем шығармада монолог авторлық ұстаным, басты көркемдік мұраттың дәйектемесі, бекіте түсер, айқындай түсер басты тәсілдердің бірі есебінде бағаланады.

Бұл көркемдік компонент, әсіресе түрлі жағдай ауқымында жан сергелдеңдерін бастан кешіп отырған кейіпкер болмысын белгілі бір уақыт аясындағы қалпында шынайы ашып бейнелеуде оңтайлы тәсіл міндетін атқарады.

Жазушының баяндау бағытында монолог-репликаларды ұтымды орналастырып, қолданысқа түсіріп отыру да мәнді.

Оралхан Бөкей адам жанының асқақ аңсарлы күйін баяндауында ішкі монологты өнімді пайдаланған жазушы.

Монолог-репликаларды баяндау мәтінімен бірлікте алып отыруда өзіндік көркемдік киюластыруларға көп барады.

««Қамбарды көздеп, мені атты», – деді Еркін іштей арпалысып. Сорпа құйып орнықты отырған бәйбіше екі беті ду етіп, «шәй қамдауды ескертемін» деп сылтауратып далаға шыға жөнелді» [1, 73].

Оралхан Бөкейдің шығармаларында ішкі монолог кейіпкерлер жан дүниесіндегі әрқилы толқу, қобалжу, ашыну, өшігу мезеттерін ашудағы оңтайлы тәсілдердің қатарында басымдау қолданысқа түсіп отырады.

«Қазбалап сұрамаса да ептеп сезді, сезді де кеше ғана аюдай ақырып, тірі жанға дес бермейтін Омекенді аяды, шын аяды. Осы кісіні үнемі бір шырқау биіктен көріп келген; үнемі ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс болып, өмірдің бар үзін-рін жебей сауған атакты байды осыншалық мүсәпір халде кездестірем деп ойлады ма. «Байға тай мінсе де жарасады» дегендердің аузы қисайсын. Бай тек қана бай болып туып, бай болып өлуі керек-ау. Әйтпесе, жараспайды екен, мүлдем келіспейді екен...» [1, 124].

Күні өтіп бара жатқан Омар байдың жүдеулеу бір шағында нешеме жыл жылқысын бағып келе жатқан Батиға кездейсоқ кездесуі жылқышыны қилы ойға тартқан. Монологты жылқышының қожайынына деген адамшылық аяушылығы, тілектес көңілінің дәйектемесі психологиялық тұтастық берген.

Оралхан Бөкей прозасында автордың көзімен бейнеленетін құбылыс, көріністер мен кейіпкер әсері тұтас бірлікте баяндалып отыратын көркемдеу арнасы кең қолданыс тапқан.

Баяндау желісі біртіндеп ішкі монологқа ұласып, қайтадан ішкі монологтан баяндауға жалғасып отыратын жайлар жиі ұшырайды. Оралхан Бөкей авторлық ремаркамен қаһарман әсерін қамтып отыруға бейімдік танытады.

Оның прозалық шығармаларындағы тартыс, сюжеттің психологиялық тұғыры кейіпкердің ішкі тебірену, күйзеліс қалпынан аңғарылып отырады. Монолог арқылы жазушы өз ұстанымын бекіте түседі, шығарманың реалистік қалпын қанықтырады.

«Қалай-қалай сөйлейді, – деді ішінен Омар. – Қалай ғана байқамай келгенмін. Астына ат,

аузына ас тимей қор болып, үйірге түсе алмай жүреді екен-ау жазғандар. Іштей тынып, «сен айттың мен көндіммен» күн көріп, көрінбей күн кешкендер қолына билік тисе шетінен шешен, кез келгені көсем болып шыға келеді екен-ау» [1, 124]. Бұл – жылқышы Батимен айдалада кездесіп, жүздескен тұстағы жанын да, тәнін де дерт мендеп бара жатқан Омар байдың ойы.

Тәуекелге бел байлаған, заманның бағытын ұғынған Омар байдың жан дүниесіндегі толғаныс, бұрылыстардың беталысын жазушы, негізінен, кейіпкердің ой ағымы арқылы байқатып отырады.

Романда Омар байдың Қытайға өтуге бел байлау эпизодтары ішкі монологтардағы сұрақ, жауап, күдік, күмән, кею мен кетісу, қиналыс сияқты афферентивті көңіл күйлеріне құрылады. Омардың баласы Еркіннің замана құбылыстары ағымында өзіндік бағыт іздеу сарсаңдары да осы бағытта баяндалған.

Сыр бермейтін сырдаң Оспанның да күйзелетін шақтарына куә боламыз.

Шығармада жылқышы Бати мен өкімет Оспан монологтары мазмұн, мағына жағынан қарама-қарсы әсер қалдырады. Кісілік, адалдық, мейірім-қаттылық, аярлық, жатсыну тайталасын түзеді. Оспан Батиға да, басқаға да басым болуға ұмтылады. Тым аяр, аяусыз. «Өз отынды өшірмедегі» ымыраға келмейтін өшпенділік сезімнің ұйытқысы Оспанның әрекет, ойлары, ол қарсы топтың ішкі тебіреніс, толғаныстары шығармадағы психологиялық драматизмді, қаламгердің ізгілік ұстанымдарын айшықтайды.

«Ендеше Омарды табалап, шоқ-шоқтың астына алып, дәл қазір қолындағы қатып-семген сойылмен қақ бастан салып өтсе кім қолынан алар, қайта жаңа заң осы Батидың мінезін қуаттамай ма, қорғамай ма. Жоқ, Бати ондай көргенсіз қылыққа бара алмайды. Бара алмайтын себебі – бұл қарнын ашыртқанмен, қадірін қашырмаған қазақ. Байдың жазығы бай болғаны ғана емес, елге көрсеткен қысастығында ғой. Ал Бати бұл кісіден құдайшылығын айтса, екі өкпесінен тепкілеген соншалықты азабы мол теперіш көрген жоқ. Анау жылы қалың қар жауып, қатты боран соққан жұтшылықта бір айғыр үйірінен айрылып, зымзия жоғалтып алғанда да айылын жимап еді. Бай атаулының бәрі озбыр, қатыгез еместігіне алғаш рет көзі сонда жеткен, сол уақыттан бері ішіне сәуле жүгірген» [1, 125].

Мінез бен жағдай арақатынасынан туындап отыратын, әрекет үстіндегі сезім мен дүниетаным ұстанымдарынан белгі беріп отыратын монологтың шығармадағы идеялық, құрылым-

дық, мазмұндық функциясын мейлінше өнімді, ұтымды кәдеге жаратып отырған қаламгер Оралхан Бөкейдің басты назарын неғұрлым мінез ашатын, парасат пен пайым жүгін көтеретін жағдайларға аударатындығы көрінеді.

«Өз отынды өшірме» романында Дарханның тұлғасын сомдауда елеулі орын алған монологтық ахуалдар осы бір бойын жасырған биік, таза жанды адамның дара мінез болмысына тән сапалардың анықталып, шындалу сәттерімен образ болмысын мейлінше толымды деңгейде ашады.

Өзіне өзі баға берген, өзімен өзі ой бөліскен сәттерінде кейіпкердің шешкен ірі шаруалар, арман-аңсарлы жан тебіренісі драмалық серпіліс, монолог түрінде мәселе мәніне тереңнен бойлайды.

Оралхан Бөкей прозасында монолог психологиялық баяндау үлгісінің бірі есебінде ырғақтық, стильдік тәсілдермен қаһарманның ой әлемі мен жан түкпіріндегі тұлғалық сезім үдерістерін шынайы суреттеуге елеулі септігін тигізді.

Әдебиеттер

- 1 Бөкей О. Өз отынды өшірме. Роман. – I том. – Алматы: Ел-шежіре, 2013. – 392 б.
- 2 Майтанов Б.Қ. Монолог құрылымы. Ғылыми зерттеу. – Алматы: Ценные бумаги, 2006. – 107 б.

References

- 1 Bokei O. Trains Go By. Roman. – I tom. – Almaty: El-chezhire, 2013. – 392 b.
- 2 Maitanov B.K. Monolog kurylmy. Gylymi zertteu. – Almaty: Sennye bumagi, 2006. – 107 b.